

«Пән мазмұнына студенттің көзқарасы»
әлеуметтік сауалнама нәтижелері бойынша анықтама

Ректордың 2026 жылғы 10 ақпанда №219 бұйрығына сәйкес, 11–20 ақпан аралығында Стратегиялық даму және тәуекелдерді басқару департаменті «Пән мазмұнына студенттің көзқарасы» тақырыбында әлеуметтік сауалнама жүргізді.

Сауалнаманың мақсаты – оқытылатын пәндер бойынша оқу материалының өзектілік, сапа және қолжетімділік деңгейін бағалау.

Сауалнама құралы: сауалнама парағы. Сауалнама жасырын түрде, білім алушылардың «Platonus» ААЖ-дағы жеке кабинеттері арқылы жүргізілді.

Мақсатты аудитория – бакалавриат, магистратура және докторантура білім алушылары.

Сауалнамаға **7716 адам** қатысты, бұл білім алушылар контингентінің **60%-ын** құрады. Студенттер ағымдағы оқу жылының 1-семестрінде сабақ өткізілген **2677 пәннің** мазмұнын бағалады.

Қорытынды көрсеткіштердің валидтілігі мен сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында пән мазмұнын бағалау **1644 пән** бойынша жүргізілді, өйткені **1033 пән** бойынша респонденттер саны 3 адамнан аз болды (1кесте).

1 кесте.

Талданатын пәндер саны факультеттер бөлінісінде

№	Факультет	Пәндер саны
1	Биология-география	175
2	Шет тілдер	158
3	Тарих	93
4	Математика және АТ	181
5	Педагогика	241
6	Физика-техника	110
7	Дене мәдениеті және спорт	53
8	Филология	149
9	Философия және психология	137
10	Химия	69
11	Экономика	179
12	Заң	99
	жоо бойынша	1644

Білім алушылар пән мазмұның 5 көрсеткіш бойынша бағалады:

№1 көрсеткіш. Сіздің болашақ кәсіби қызметіңіз үшін курс мазмұнының тиімділігі.

№2 көрсеткіш. Оқу материалының түсініктілігі мен қолжетімділігі.

№3 көрсеткіш. Сіздің кәсіби құзыреттіліктеріңіз бен дағдыларыңыз үшін практикалық тапсырмалардың тиімділігі мен мазмұндылығы.

№4 көрсеткіш. Пәнді меңгеруде силлабустың көмегі.

№5 көрсеткіш. Қорытынды бақылау сұрақтарының өткен материалға сәйкестігі.

Әрбір аталған көрсеткіш 5 балдық жүйе бойынша бағалау ұсынылды, мұнда 1 балл – өте нашар; 5 балл – өте жақсы.

Жалпы университет бойынша білім алушылардың пәндер мазмұнының сапасына қанағаттану деңгейі жоғары екені анықталды: университет бойынша орташа көрсеткіш **4,5 баллды** құрады (2-кесте).

2 кесте.

Факультет бойынша көрсеткіштер бойынша пәндер мазмұнын бағалаудың орташа көрсеткіштері

№	Факультет	№1 көрсет кіш	№2 көрсет кіш	№3 көрсет кіш	№4 көрсет кіш	№5 көрсет кіш	Қорыты нды баға
1.	Заң	4,7	4,7	4,7	4,7	4,7	4,7
2.	Биология-география	4,6	4,6	4,5	4,5	4,6	4,6
3.	Тарих	4,6	4,6	4,5	4,5	4,6	4,6
4.	Дене мәдениеті және спорт	4,7	4,6	4,7	4,7	4,6	4,6
5.	Философия және психология	4,6	4,6	4,6	4,5	4,6	4,6
6.	Математика және АТ	4,5	4,5	4,5	4,3	4,6	4,5
7.	Физика-техника	4,6	4,5	4,5	4,4	4,5	4,5
8.	Филология	4,6	4,6	4,6	4,4	4,6	4,5
9.	Химия	4,6	4,5	4,6	4,5	4,5	4,5
10.	Экономика	4,5	4,5	4,5	4,3	4,6	4,5
11.	Шет тілдер	4,4	4,4	4,4	4,1	4,5	4,4
12.	Педагогика	4,5	4,4	4,5	4,3	4,5	4,4
	ҚОРЫТЫНДЫ	4,6	4,5	4,6	4,4	4,6	4,5

Сауалнама нәтижелері білім алушылардың пәндер мазмұнына қанағаттану деңгейінің жоғары екенін көрсетеді – орташа баға 4,5 баллды немесе қанағаттанудың 90%-ын құрады. Факультеттер бойынша қорытынды баға 4,4 баллдан (*шетел тілдері факультеті және педагогикалық факультет*) 4,7 баллға дейін (*заң факультеті*) өзгеріп отырады. Сауалнаманың барлық критерийлері бойынша абсолютті тұрақтылық көрсеткен заң факультетін ерекше атап өткен жөн – **4,7 балл**. Жаксы көрсеткіштерді – **4,6 баллды** биология-география, тарих факультеттері, сондай-ақ философия және психология факультеті мен дене мәдениеті және спорт факультеті көрсетті.

Сауалнама нәтижелерін критерийлер бөлінісінде қарастырайық. Студенттер *пәндердің болашақ мамандық үшін практикалық маңыздылығын және емтихан сұрақтарының өтілген материалға сәйкестігін* жоғары бағалаған – **4,6 балл**. Салыстырмалы түрде төмен бағаны №4 критерий – *силлабустың пәнді меңгеруге көмектесуі* алды – **4,4 балл**. Кейбір пәндер бойынша силлабустарды студенттер пәнді меңгеруге арналған нақты бағыт-бағдар құралы ретінде емес, формалды құжат ретінде қабылдауы мүмкін. Осыған байланысты оларды қайта қарау және өзектендіру қажет. Бұл критерий бойынша ең төмен көрсеткіш – **4,1 балл** шет тілдері факультетінде тіркелді.

Сонымен қатар, 61 пән бойынша орташа балл **3,7 баллдан** төмен болды, бұл сауалнама жүргізілген пәндердің жалпы санының 4%-ын құрайды. Қосымшада факультеттер бойынша осындай пәндердің тізімі берілген. Мұндай көрсеткіштер заң факультеті мен дене мәдениеті және спорт факультетін қоспағанда, 10 факультетте тіркелді (3-кесте).

**Факультеттер бойынша 3,7 балдан төмен
көрсеткіштері бар пәндер тізімі**

№	Факультеттер	Пәндер саны	-3,7 төмен пәндер саны	%
1	Филология	149	10	7%
2	Шет тілдер	158	8	5%
3	Экономика	179	9	5%
4	Педагогика	241	11	5%
5	Математики және АТ	181	8	4%
6	Химия	69	3	4%
7	Физика-техника	110	4	4%
8	Тарих	93	3	3%
9	Философия және психология	137	3	2%
10	Биология-география	175	2	1%
11	Дене мәдениеті және спорт	53	-	0%
12	Заң	99	-	0%
	ҚОРЫТЫНДЫ	1644	61	4%

Қорытынды:

1. Сауалнамаға **7716 адам** қатысты, бұл білім алушылар контингентінің **60%** құрады; 2025–2026 оқу жылының 1-семестрінде оқытылған **1644** пән бағаланды.
2. Білім алушылардың пәндер мазмұнына жалпы қанағаттану деңгейі **90%** немесе мүмкін болатын 5 балдың **4,5** балын құрады.
3. Заң факультеті сауалнаманың барлық көрсеткіштері бойынша абсолютті тұрақтылық көрсетті – **4,7 балл**. Сондай-ақ биология-география, тарих факультеттері, философия және психология факультеті, дене мәдениеті және спорт факультеті жақсы көрсеткіштер көрсетті – **4,6 балл**.
4. Оқытылған 61 пән бойынша (пәндердің жалпы санының 4%-ы) орташа балл 3,7-ден төмен болды. Қосымшада 10 факультет бойынша аталған пәндердің тізімі берілген (заң факультеті мен дене шынықтыру және спорт факультетін қоспағанда).

Пәндер бойынша сауалнама нәтижелері оқытылатын пәндердің мазмұнын одан әрі жетілдіру бойынша жұмыс жүргізу үшін факультет декандары мен кафедраларға жіберілді. Сауалнама қорытындысы бойынша дайындалған анықтамамен жетекшілік ететін проректорлар мен ДАР директоры таныстырылатын болады.